

ОӘЖ 747. 012.1

## ҚАЛА ОРТАСЫНЫҢ КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

**Наградов Амангелді Серикович**

*begimbai@hotmail.com*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 3 курс студенті

(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Ғылыми жетекші – Бегімбай К.М.

Қазіргі кезеңде қала ортасын ұйымдастыру мәселелеріне жалпылама қарау арқылы оның көркем келбетін, өзге қалаларға ұқсамайтын ерекшеліктерін айқындай түсу сәулет өнерінде ең маңызды міндет болып саналады. Осыдан 22 жыл бұрын елбасының ұсынысы бойынша жаңа елорда құру мақсатында еліміздің астанасы Алматы қаласынан Ақмолаға ауыстыруға шешім қабылданды [1].

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары Кеңес Одағының ыдырауы салдарынан еліміздегі экономиканың құлдырауы кезінде бұндай батыл қадамға бару керектігін көпшілік түсіністікпен қабылдай алмады. Тек, елбасының тәуекелге бел буып, өзіне жақтас бір топ үкімет билігіндегі қала тұрғызу мәселесін шешуге құзіретті мамандардың қолдауымен Қазақстанның астанасын жаңа жерге ауыстру көші Сары-Арқа төсінде орналасқан ол кезде облыстық орталық болып саналған Целиноград қаласына бет алды.

Тәуелсіздік алған Қазақстанның әлемдік кеңістікте алар орны мен геосаяси бағыты қандай болтындығын анықтай отырып, елбасы оның болашақ астанасының қандай концепцияға негізделетінін жан-жақты саралай келе, осы шешімді қабылдады.

Басты ұстаным – көлемі жағынан ең үлкен континентте орналасқан ұлан-ғайыр еуразия кеңістігінде Қазақстанның Еуропа мен Азия ортасында орналасуын еліміздің пешенесіне жазылған тағдыры екендігін мойындай отырып, болашақта халқымыздың батыс пен шығысты байланыстыру миссиясын орындайтын өткел болатынымызды асқан жауапкершілікпен атқару болып табылады.

Биылғы 2018 жылы біз елордамыздың жиырма жылдық мерей тойын тойлап өттік. Астана қаласының басты миссиясының ойдағыдай жүзеге асырылып отырғандығын уақыттың өзі дәлелдегеніне куә болудамыз.



Сур.1. Астана қаласының жалпы көрінісі

Қала тұрғызбас бұрын оның сыртқы келбетінің осы саяси ұстанымға сай болуы ескерілген болатын. Еуропа Азияның ортасында орналасқан елдің астанасының образы қандай болуына жоғарыда айтылған ұстаным негіз болғанын және оның сол бастапқы кезеңде болжаған мақсаттан ауытқымай орындалып отырғанындығына осы күнгі елордамыздың келбеті дәлел.

Батыс пен шығыстың дәстүрлі қала тұрғызу дәстүрлерін оңтайлы ұштастыра отырып, ең озық технологияларды пайдаланып астанамызды көркейтуді жалғастырудамыз. Астананың тағы бір негізгі миссиясы – оның Қазақ елін дүние жүзіне паш ету арқылы имиджін нығайту болып табылады. Осы мақсатты іске асыру үшін қалада түрлі әлемдік деңгейдегі маңызы зор іс-шаралар өткізуге лайықты түрлі ғимараттарды салу дәстүрге айналуға десек те болады. Оның дәлелі ретінде 2017 жылы өткізілген дүниежүзілік «ЕХПО-2017. Астана» көрмесінің бой көтеруін атап өтуге болады. Бұдан да басқа халықаралық спорттық, мәдени және саяси шараларды атқаруға арналып салынған ғимараттар елордамыздың келбетін одан сайын көркейтіп отыр. Ел ордамыздың образын сомдауға бағытталған және атқарылған жұмыстарды ұзақ тізе беруге болады.

Басты қала образын қалыптастыруда батыс пен шығыстың сәулет өнерінің тоғысқан симбиозы ретінде және оны іске асыруда дәстүрлі мен заманауи озық технологияларды ұштастыра отырып, одан әрі айқындай түсудеміз. Дегенмен, осы шешімін дұрыс табу қажет күрделі мақсаттан ауытқушылықтар қала тұрғызумен айналысатын жеке құрылыс компаниялардың тарапынан орын алатын жағдайлар кездесіп қалады. Бұған негізгі себеп – жеке құрылыс орындарының қаржылық мүмкіншіліктерінен туындайтын мәселелердің орын алуы.

Қаланың тұтас образын сомдау өте күрделі үрдіс болып саналатындығын үнемі есте ұстай отырып, тұрғызылатын әрбір ғимараттың сол қаланың негізгі концепциясынан ауытқымауын жіті қадағалау керек. Бұл жерде ғимараттарды экономикалық тұрғыда тиімді технология мен материалдар қолданып тұрғызумен шектеліп қоюға болмайды.

Әр ғимараттың сырт көрінісі қаланың тұтас келбетін құрастыруға тікелей әсер ететінін естен шығармау керек. Сондықтан бұндай күрделі көркем шешімді қажет ететін жобаны жасау алдында тиісті зерттеу жұмыстарын жүргізу керек және оның нәтижесін білікті мамандардың көмегіне сүйене отырып, терең талдау жасап алып, осы саладағы мәселелерді шешуге құзіретті ұйымдардың сараптауынан өтіп, рұқсат алған жағдайда ғана іске асыруға кірісу керек [2].



Сур. 2. Астана қаласының басты символы – «Байтерек» монументі

Өйткені, өзіңе ғана ұнайтын жобаға сай ғимарат тұрғызып, ол біткенде қоршаған қала ортасымен үйлеспей қалған жағдайда құлата салатын нысан емес. Оған дәлел ретінде жеке тұрғын үйлер мен бизнес нысандарын айта кетуге болады. Осынау қарапайым ұстанымды басшылыққа ала отырып, қала келбетін қалыптастыру жұмысына өз үлесін қосу – әрбір сәулетші-дизайнердің міндеті болып табылады.

Осы міндетті саналы түрде кәсіби деңгейде атқару мақсатында ғылыми ізденіс жасауға кірістік. Әрине, бұндай жауапты істі орындамас бұрын қала келбетін сомдау мәселелерімен айналысқан шетелдік және отандық ғалым теоретиктер мен танымал практиктердің тәжірибесін зерделедік. Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтиже берді. Қала келбетін сомдау жұмысын жүргізу арқылы бұл мәселені терең зерттеген бірқатар шетелдік ғалымдарың пікіріне жүгіне отырып, төмендегідей жағдайларды анықтадық.

Қаланы тек сәулет өнері феномені және құрылыс өнері туындысы ретінде ғана қарастырумен шектелуге болмайды. Оны адамның түрлі тіршілік ету формаларына толы әлеуметтік және мәдени құрылым тұрғысынан да қарау керек. Осы қағиданы ұстанатын ресейлік ғалым Л.Е. Трушинаның пайымдауынша – *біріншіден*, қала кеңістігін дұрыс қалыптастыру үшін оның архетиптік негіздерін анықтап алу керек. Оның құрамына үкіметтің, яғни басқару органдарының топорхрондық зонасын; әлеуметтік топорхрондық зонаны (алаң); функциональдық топорхрондық кеңістіктерді – яғни, тұрғын және өндірістік зоналарды; рекреациондық зоналарға кіретін бау-бақша мен саябақтардың топорхроны.

*Екіншіден*, қала ортасын эстетикалық тұрғыда қабылдаудың тарихи формаларын ажырата білу мақсатында, оған кіретін бірқатар сұрақтарға талдау жасап алу керек: қаланы классикалық эстетика тұрғысынан қабылдауға сырттай қарау көзқарасы негізінде; қаланы орта ретінде қарастырудың заманауи постклассикалық көзқарасқа сүйене отырып қабылдау. *Үшіншіден*, қалалық ортаның келбетіне семиотикалық талдау жасау арқылы қабылдау [3].

Қаланы философиялық тұрғыда қарастыру, оның жан дүниесіне үнілуге ұмтылатыны сөзсіз. Қала келбетін сипаттау, ондағы өтіп жатқан күнделікті тірлік ету ағымын зерделеу қаланың физиологиясы ретінде қарастырылады. Ал, оның мәдениетін қалыптастыратын мәні мен құндылықтары қаланың тарихи тағдырын қалыптастырады. Осылардың барлығын ескере отырып, сәулет өнері тарихы мен қалатұрғызу саласымен қатар қаланы философиялық тұрғыда жан-жақты зерттеумен айналысатын ғылым саласы урбанистика деп аталады.





Сур. 3. Кешкі Астана көрінісі

Өз кезегінде философиялық тұрғыда қарау – мәдениантропологиялық, феномендік, архитиптік, семиотикалық ракурсты қамтиды. Осы аталған көзқарастар түбінде эстетикалық түрлі аспектілерді ұштастыра отырып қарауға тоғысады. Қала келбетін зерттеуде бұрынғы кезде бөлшектеп, оның әртүрлі қырынан қарау қалыптасқан жағдай болса, қазіргі кезде қаланың келбетін эстетикалық феномен ретінде тұтастай қарастыру орын алуда.

Қала образын сомдауға көркем әдебиет пен бейнелеу өнері салалары, кино мен телевидение сияқты басқа да өнер түрлері ат салысады. Сонымен қатар, түрлі сәулет пен дизайн нысандары, қала ішіндегі табиғаттың көріністері, визуальды-коммуникациялық пен заттық орта элементтері және тағысын тағылар біріге келіп, қаланың тұтастай бір образын қалыптастырады.

Қала образын сомдауға онда орналасқан көлемі жағынан ірі нысандар болып саналатын ғимараттар мен имараттардың сырқы пішіні мен олардың «киген киімдері», яғни қандай материалдармен әрленгендіктері шаһар ортасының эстетикалық кейпін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.



Сур. 4. Түнгі қала көрінісі

Сондықтан, қаланы тұрғызуды қадағалайтын күзiреттi ұйымдар осы күнде болашақ ғимараттардың немен қапталатына жiтi қарайды. Әйгiлi қала полихромиясы мәселесiмен айналысатын ресей ғалымы МарХИ профессоры А.В. Ефимов бiздiң университетке болашақ дизайнерлерге дәрiс оқуға келгенде әр шаһарға тән түстiк сипаттама бар екендiгiн айта келiп, ел ордамыздың түстiк шешiмi көгiлдiр сұр гаммада көрiнетiнiн айтқан болатын.

Сонымен қатар, қала кешендерiнiң бiрегей бiр стильде, бiр түстiк гаммада фактурасы жағынан бiрдей материалдармен әрленуiне осы күнде қала тұрғызу мекелелерi тарапынан бақылау жасау қолға алынуда. Мысалы, кейiнгi кезде кiрпiшпен әрлеуге және сол сияқты фактурасы тым қарапайым материалдарды қолдануға шектеу қойылған.

Экономикалық әл-аухатына сай, өкiнiшке орай Астанада қаланың сол жағалауын «iскерлiк орталық», оң жағалауын «жатын аудан», бұрынғы қала орталығын «ескi орталық» және қаланың шет жақтарын «өндiрiстiк зона» деп бөлiп қарастыру қалыптасқан. Ресми және iскерлiк орталықтардың басым көпшiлiгi сол жағалауда орналасқандықтан ондағы ғимараттар қымбат әрi заманауи технологияда орындалған материалдармен әрленген. Жатын ауданда орналасқан тұрғын үйлердiң басым көпшiлiгi сары кiрпiшпен қапталғандықтан, оң жағалау сары-қызыл түстi болып көрiнедi.

Ал, қаланың кейбiр бұрын салынған аудандарында әбден тозығы жеткен ғимараттар әлi де бар. Олардың сырттарында осыдан 50-60 жыл бұрынғы қолданстан шыққан әрлеу тәсiлдерi мен материалдар қолданғандықтан жағымсыз әсер етедi.

Сәулеттiк дизайн саласы маманы ретiнде осындай әлеуметтiк теңсiздiктi жою мақсатында көне ғимараттарды заманауи озық технологияларды қолданып жасалған экономикалық тұрғыда қолжетiмдi болғанымен көркемдiк қасиетi қымбат аналогтардан кем түспейтiн материалдармен ауыстыру арқылы тозған ғимараттарды реконструкциялау қажеттiлiгiн алға тартамыз. Бұндай қаланы қайта түрлендiру тәсiлдерi батыс еуропа елдерiнде (әсiресе, Германияда) кең тараған шетелдiк заманауи әрлеу әдiсi болып табылады [5].

Сондықтан, бiздiң ғылыми iзденiсiмiз қала ортасының келбетiн заман талабына сай ұйымдастыруды көздейтiн, экономикалық тұрғыдан алғанды тиiмдi және көркем деңгейi жоғары жаңа материалдарды әрлеу жұмыстарында қолдану арқылы қаланың келбетiн айталықтай түрлендiруге бағытталған.

Қазiргi бүкiл әлемдiк глобализация заманында, кез келген сала болсын, адамзат баласын таң қалдыру және оның эстетикалық талғамына сәйкес болу уақыт өткен сайын қиынға соғуда. Бұл проблема сәулеттiк орта дизайнына да қатысты. Тек нысандардың пiшiндерi ғана емес, сондай-ақ оның сыртқы бетiн әрлеуде қолданылатын сан түрлi материалдардың және қолдану тәсiлдерiнiң көркемдiк мүмкiншiлiгiнiң маңыздылығы күннен-күнге артуда. Осы тенденцияны жақсы түсiнген дамыған елдерде әрлеу материалдары ғимаратты сыртқы ықпалдан қорғаумен қатар көркемдiк қызметтердi барынша атқаруда .

Жылдам қарқынмен дамып жатқан технологиялар осы бағытта үлкен үлесiн қосуда. Өйткенi заманауи технологиялар аталмыш материалдардың санын ұлғайтып қана қоймай, оларды өндiруде қолданылатын және оларды қолданудағы әдiстер мен тәсiлдердiң түрлерiнде дамытуда.

Нақты Нұр-Сұлтан қаласына келер болсақ, аз ғана уақыттың iшiнде әлемге әйгiлi сәулетшiлер мен дизайнерлердiң ат салысуымен жаһанды өзiнiң батыл сәулеттiк нысандарының дизайнерлiк шешiмдерiмен таң қалдыра бiлген шаһар болып табылады.

Қаланың екi жағалауындағы әр түрлi ерекше пiшiндi бой көтерген нысандар қала тұрғындары мен қонақтарға көркемдiк ляззат алуына үлкен мүмкiндiк беруде. Бiрақ, жоғарыда айтылған оң сөздерге қарамастан, елордамыздың сәулеттiк орта дизайнының әлi терiс жағдайлары да кездесуде.

Ол, әрине, көптеген қала нысандарында қолданылатын әрлеу материалдарының бiркелкiлiгiнiң байқалуы. Мысалы, көбiне травертин, кiрпiш, керамогранит және сылақ қолданылады. Олар негiзiнен көркемдiк жағын ескермей тек қаптау мен қорғау қызметтерiн

атқарумен шектеледі. Әсіресе бұл проблема оң жағалауда кездесіп тұрады. Сондықтан да Нұр-Сұлтан қаласына қатысты бұл мәселе өте өзекті болып табылады және міндетті түрде шешімін табу проблемалар қатарына жатады:

*Біріншіден* - қазіргі таңдағы шетелдік және отандық әрлеу материалдарына талдау жасау арқылы, олардың көркем қасиеттерін қолдануды және сәулеттік орта дизайнын қалыптастырудағы әрлеу тәсілдерін зерттеу.

*Екіншіден* - әлемдегі озық елдер мен отандық материалдарға және оларды қолдану арқылы әрлеу тәсілдеріне ғылыми-теориялық талдау.

*Үшіншіден* - заманауи материалдарының көркем қасиеттерін қолдануды дамыту арқылы сәулеттік орта дизайнын қалыптастырудағы әрлеу тәсілдерін жетілдіру.

**Жоғарыда аталған мәселелерге сай мынадай зерттеу міндеттері анықталды:**

- 1) Әрлеу материалдарының көркем қасиеттері сәулеттік орта дизайнын қалыптастырудағы маңыздылығының ғылыми-теориялық негіздерін анықтау;
- 2) Шетелдік және отандық материалдарының қолдану тәсілдерінің тәжірибелеріне талдау жасау;
- 3) Нұр-Сұлтан қаласының сәулеттік орта дизайнында заманауи материалдарды көркемдік жағын ескере отырып қолданудың практикалық шешімін анықтап, оның жобалық үлгісін ұсыну;
- 4) Тәжірибелік эксперименттік жолмен зерттеу мәселесіне апробациялық жұмыстарды жүргізу және қорытындысын нәтижелілеу.

**Зерттеудің тұжырымдамасы:** Егер, зерттеу арқылы әрлеу материалдарының көркем қасиеттерін қолданудың тәсілдерін жетілдірсе, онда сәулеттік орта дизайнының одан әрі дамуына септігін тигізеді, өйткені, заманауи материалдарды көркем құрал ретінде қолдану арқылы ғимараттардың эстетикалық деңгейі артады.

**Қорытынды:** бүгінгі күнге дейін елімізде қолданыста болмаған жаңа материалдар мен тәсілдерді көркемдік тұрғыдан талдау жасап оны Нұр-Сұлтан қаласының климаттық, менталитеттік, қалыптасқан орта ерекшеліктеріне байланыстыра қарастыру. 2030 жылы 30 бәсекеге қабілетті мегаполистердің қатарына қосылғалы тұрған қалаға жоғарыда айтылған мәселеге ғылыми тұрғыдан үлес қосу арқылы зерттелуге және шешімін табуға міндетті бағыт.

Сондықтан, бұл тақырып бойынша Нұр-Сұлтан қаласының сәулеттік орта дизайнының қазіргі жағдайының қалыптасуы және осы аталған ортада әрлеу материалдарының көркемдік маңыздылығы қарастырылып зерттеу әлі де жалғасын табады.

### Қолданылған дерекөздер тізімі

- Бегімбай К.М., Денеев О.М. Қалалық орта көркем келбетін қалыптастырудың маңызы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы. ҚазБСҚА. -Алматы, 2017. – Б. 93-98.
- Денеев О.М. Қалалық орта дизайнын қалыптастыруда түстің маңыздылығы. «Ғылым және білім - 2018» Жас ғалымдар мен студенттердің халықаралық ғылыми конференциясы. Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, - Астана, 2018. – Б.132-137.
- Мурзагалиева А.Б. Организация мест общего пользования в дизайн жилой среды. «Наука и образования - 2018» Международная научная конференция молодых ученых и студентов. ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, - Астана, 2018. – Б.156-162.
- <https://potreb-prava.com/nedvizhimoe-imushhestvo/zhilaya-nedvizhimost/mesta-obshhego-polzovaniya-v-mnogokvartirnom-dome.html>
- <https://www.edutopia.org/article/architecture-ideal-learning-environments>